

н о р м а л а р д ы ж е т і л д і р у .

Даярлау және қайта даярлау, көтеру жүйелерін ұйымдастыру.

Бағдарламаны Шағын және орта кәсіпкерлік үшін салық салу жүйесін жетілдіру.
жүзеге Шағын және орта бизнесті несиелік және инвестициялық қолдау
а с ы р у д ы ң ж ү й е л е р і н да м ы т у .

негізгі Шағын және орта кәсіпкерліктің инфрақұрылымын дамыту,
бағыттары ақпараттық қамтамасыздандыру және насихаттау.
және Кәсіпкерлікті реттеудің нормативті-құқықтық базасын
тетіктері жүйелеу және түгендеу.

Қаржыландыру Көрсетілген мақсаттарға қаралған қаржы бөлу негізінде
көздері жергілікті бюджет қаражаты, халықаралық және отандық
қаржы ұйымдарының және донор елдердің гранттары, екінші
деңгейдегі банктердің несиелік қаржысы, кәсіпкерлердің өздерінің
және олардың қоғамдық ұйымдарының қаржылары.

Күтілетін Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері санының өсуі.
нәтиже Жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі, халықты жұмыспен қамту,
қосымша және жаңа жұмыс орындарын ашу.

Облыста өндірілетін жалпы өнім көлеміндегі шағын және орта
кәсіпкерліктің үлесін арттыру.

Бағдарламаның 2003-2005 жылдары.
орындалу мерзімі

2. Кіріспе

2003-2005 жылдарға арналған шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту және қолдау
аймақтық бағдарламасы Қазақстан кәсіпкерлерінің X Форумында Президенттің
Қазақстан халқына "2003 жылға арналған сыртқы және ішкі саясаттың негізгі
бағыттары туралы" Жолдауында және 2002-2004 жылдарға арналған Үкіметтің
бағдарламасындағы міндеттерді орындау мақсатында әзірленді.

Халықаралық тәжірибе шағын және орта бизнес қазіргі қоғам құрылымының
формациясы екенін көрсетеді. Атап айтқанда, осы секторда ұлттық ресурстардың
негізгі жиыны шоғырланған. Және бір ерекше маңызы, шағын және орта бизнес
қызметі өнертапқыштық және жаңалық енгізу қызметтерінің бастамашысы болып отыр
: зерттеулер, яғни негізгі идеялар мен өнертабыстар ірі кәсіпорындардан емес, үнемі
орта кәсіпкерлерден түсетінін көрсетіп отыр.

Алайда, бұл маңызды сектор әзірге қоғамның әлеуметтік және экономикалық
дамуына елеулі әсерін тигізіп отырған жоқ.

Сондықтан Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған
бағдарламасында негізгі күш шағын және орта бизнесті дамыту үшін
әлеуметтік-экономикалық жағдай жасау есебінен, әсіресе жаңа технологиялық
өндіріске бейімделген, қоғамның орта тобын қалыптастыруға бағытталған.

Шағын және орта бизнесті нығайту мақсатында Қазақстан кәсіпкерлерінің Х форумында мемлекет Басшысымен шағын және орта бизнесті қолдаудың жаңа бағыттарының қойылуы - бұл салық ауыртпалығын азайту, меншіктерді және активтерді заңдастыру, несие ресурстарына қол жеткізуді жеңілдету, әкімшілік іс-жосықтар мен рұқсаттарды жеңілдету, төрешілдік озбырлықтан және бақылау-тексеруші органдардан қорғау.

3. Атырау облысындағы шағын кәсіпкерліктің дамуының қазіргі уақыттағы жай-күйін талдау

Соңғы жылдары шағын және орта бизнестің маңызды рөлін, оның қоғамның және еліміздің экономикасын дамытудағы мол үлесін ұғыну күшейе түсті.

Шағын және орта бизнес кәсіпорындарындағы еңбек өнімділігі аса жоғары екені б а й қ а л а д ы .

Олар аз шығынмен әр түрлі тауарларға және қызметтерге деген қажеттіліктерді қанағаттандырып, осы бойынша көптеген жұмыстармен қамтамасыз етуде, жергілікті бюджетке түсімдер мөлшерін арттыруда және ғылыми-техникалық прогресті ынталандыруда. Қазіргі уақытта мемлекет экономикасындағы шағын және орта кәсіпорындардың рөлін көтеру кездейсоқтық емес, бұл, яғни өндіріс күштері мен технологияны дамыту процесінде туындайтын және туындаған өмірдің өзі талап ететін з а ң д ы қ а ж е т т і л і к т е р .

Шағын кәсіпкерлік үрдісін талдау осы сектордың дамуы үдемелі-қозғалыс с и п а т ы н д а е к е н і н к ө р с е т е д і .

Облыста шағын және орта бизнестің экономикалық көрсеткіштерінің тұрақты өсу үрдісіне қол жеткізілді. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны, өнім өндірісінің қарқыны және көрсетілетін қызметтер көлемі өсуде.

Өткізілген өнім және көрсетілген қызметтердің жалпы көлемі жыл басынан 20 710,2 млн.теңге, яғни өткен жылғы кезеңнен 108,5 пайызға артық және 1997 жылғы деңгейден 8,8 есе артық.

Шағын кәсіпкерлік субъектілер саны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 122,7 пайызға және 1997 жылғы деңгейден 120,1%-ге өскен.

Шағын бизнес саласында жұмыс істейтіндер саны 26 000 адамға жетті, яғни облыстың еңбекке қабілетті халқының 12,5 пайызын құрайды.

Шағын бизнес субъектілерінен түсетін салық төлемдері (өткен жылғы кезеңмен салыстырғанда) 2,8 есе өсіп 2162,9 млн. теңге (1997 жылғы деңгейден 8,6 есе жоғары) қ ұ р а д ы .

Ағымдағы жыл басынан кәсіпкерлік секторымен 1415 жұмыс орны құрылды. Шағын және орта бизнес саласында жұмыс істейтіндердің орташа айлық жалақысы 24 мың теңге құрайды, яғни өткен жылғы деңгейден 4,9 пайыз жоғары.

Жыл басынан екінші деңгейдегі банктермен шағын бизнес саласындағы жобалар жалпы сомасы 4153 млн.теңгеге қаржыландырылды.

Шағын кәсіпкерлікті дамыту және қолдау аймақтық бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде жыл сайын облыстық бюджеттен шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін қаржы бөлуді қарастырылады.

Несие алуда қойылатын талаптардың бірі - жұмыс істемейтін халықтың ішінен жұмысқа орналастыру үшін жаңа жұмыс орындарын ашу болып табылады.

Ағымдағы жылы облыс бюджетінде шағын кәсіпкерлікті несиелеуге 155,820 млн. теңге қаралды, жыл басынан конкурстық негізде таңдап алынған "Нұрбанк" ашық" акционерлік қоғамы жалпы сомасы 132,9 млн. теңгеге 21 бизнес-жоба қаржыландырылды. Содан басқа 2001 жылы несиеге берілген қайтарым қаржысынан 2 бизнес-жоба 2,3 млн. теңге сомаға қаржыландырылды.

Қазақстандағы шағын бизнесті дамыту бағдарламасы бойынша Еуропалық Жаңғырту және Даму банкі желісінен ағымдағы жыл басынан облыс бойынша 21530,0 мың теңге сомасында 32 жоба қаржыландырылды.

"Біріккен ұлттар ұйымының Даму Бағдарламасы" Пилоттық шағын несиелеу орталығы құрылған мезгілден бастап 1999 жылғы маусым айынан бері 7568 кәсіпкерлер шағын несие алды.

Бұл жобаның оң тұстары ауыл халқына шағын несиелер беру болып табылады.

2002 жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша Жылыой ауданының 159 кәсіпкері жалпы сомасы 145800 Америка Құрама Штаттарының доллары шағын несие алды, Исатай ауданында 180 кәсіпкер жалпы сомасы 192450 Америка Құрама Штаттарының доллары, Атырау қаласынан 800 кәсіпкер жалпы сомасы 1438550 Америка Құрама Штаттарының доллары шағын несие алды.

Ағымдағы жыл басынан "Теңізшевройл" компаниясымен 955,0 мың АҚШ доллары сомасында 15 бизнес-жобаны қаржыландырды.

2002 жылы "Атырау облысының кәсіпкерлері мен жұмыс берушілер одағы" қоғамдық бірлестігі құрылды, оның құрамына барлық қоғамдық ұйымдар кіреді.

Бүгінде облыстың шағын кәсіпкерлік инфрақұрылымында "Атырау облысының кәсіпкерлері және жұмыс берушілер одағы", Кәсіпкерлер қауымдастығы, өнеркәсіпшілер және кәсіпкерлер одағының Атырау филиалы, Іскер әйелдер қауымдастығының Атырау филиалы, "Атырау Бизнес-Контакт" облыстық орталығы, "Тұмар" қол өнершілер қауымдастығы, Әйелдер кәсіпкерлігі қауымдастығы, Шағын несиелеу Пилоттық орталығы, "Прагма" корпорациясының жобасы, "МАШАВ" кеңестік орталығы бар, олардың басты мақсаты кәсіпкерлердің мүддесін ұсыну мен кәсіпкерлердің құқығын және мүддесін қорғау жөніндегі қызметті үйлестіру, жаңадан бастаушы кәсіпкерлерге кеңестік және консалтингтік қызмет көрсету.

Облыс әкімдігінің 2002 жылғы 2 қазанында N 239 "Атырау желек құрылыс коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның мүліктік кешені бөлігін алу туралы" және оны "Атырау Бизнес Контакт" облыстық орталығына сенімгерлікпен басқаруға беру туралы" қаулысы қабылданды, онда жалпы көлемі 8436 шаршы метр ғимаратты беру

бизнес-инкубатор ұйымдастыру үшін қарастырылды.

Қазіргі уақытта Бизнес-инкубатордың Қазақстан қауымдастығы және инновациялық орталығымен бірлесіп бизнес-инкубатор ұйымдастыру жөнінде жұмыс жүргізілуде.

Күні бүгінге мына жұмыстар орындалды: жөндеу жұмыстарын жүргізуге ақаулық ведомосты жасалды; конкурстық негізде жөндеу жұмыстарын жүргізуге Мердігер белгіленді; коммуникацияға қосу үшін техникалық талаптарын, инженерлік коммуникацияның дайындалған сызба жобасын алу жөнінде жұмыстар қосарлас жүргізілуде; іске қосылатын 24 өндіріс және қызметтерді бизнес-инкубаторға орналастыру үшін жобалардың тізбесі алдын-ала жасалды; жобаны жедел жүзеге асыру үшін жаңа донорларды тарту жұмысы жүргізілуде.

Облыс, қала және аудандар әкімдіктері тарапынан кәсіпкерлік қызметтің құқығын және еркіндік кепілінің сақталуын кешенді бақылау жүзеге асырылуда.

Осы мақсатта облыс, қала және аудандар әкімдерімен кәсіпкерлердің кездесулері ү н е м і ө т к і з і л у д е .

Облыс әкімдігінің 2002 жылғы 2 қазанда N 238 қаулысымен "Облыс әкімі жанынан шағын және орта бизнес мәселелері жөнінде комиссия" құрылды, бұл комиссияның негізгі қызметі заңнамада белгіленген тәртіп бойынша кәсіпкердің заңды құқығын қорғау және мүддесін ұсыну, уәкілетті мемлекеттік органымен, сондай-ақ шағын және орта бизнесті қолдайтын басқа мемлекеттік органдармен тұрақты і с - қ и м ы л ы н ж а с а у б о л ы п т а б ы л а д ы .

"Прагма" корпорациясымен және "Атырау Бизнес-Контакт" облыстық орталығы бірлесіп қалада және облыстың аудандарында шағын кәсіпкерлікке қатысты әртүрлі тақырыпта оқыту семинарлары өткізілді.

2001 жылы қазанда құрылған "Мирас" оқу орталығы Кәсіби-техникалық мектеп-3 - пен келісім шарт жасап, жыл басынан "ІС-бухгалтерия", "Ағылшын тілі", "Компьютерлік сауаттылық", "Бухгалтерлік есеп", "Бизнес және қаржы негіздері", "AUTOCAD" тақырыптарында 6 курс өткізді.

"Мирас" оқу орталығымен жоғарыда аталған курстарға жұмыссыздарды оқыту туралы қала және аудан орталықтарымен жұмыс жүргізуге және келісім шарт жасасуға к е л і с і м г е қ о л ж е т т і .

Экономика және кәсіпкерлікті қолдау бас басқармасының мамандарымен кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөнінде, мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру жөніндегі аймақтық орталығымен өткізілген семинарлар шеңберінде индикативтік жоспарлау туралы лекциялар оқылды.

Бақылау және тексеру органдары тарапынан кәсіпкерлік қызметіне заңсыз араласуларды анықтау үшін Әділет және прокуратура органдарымен бірлесіп жүйелі түрде "Шенеунік және кәсіпкер" акциясы өткізіледі.

Акция шеңберінде кәсіпкерлердің қатысуымен, оларды қорғауға бағытталған конференциялар, семинар-кеңестер өткізіледі.

Бұқаралық ақпарат құралдарында шағын кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландырумен айналысатын құрылымдар тізімі, сондай-ақ жаңа несиелеу желілері, олардың несиелеу шарттары, пайыздық көрсеткіштері үнемі жарияланады.

Атырау облысының кәсіпкерлері мен жұмыс берушілер одағында екінші деңгейдегі банктер өкілдерімен, кеден басқармасы, қалалық Санитарлық-Эпидемиялық Станса, облыстық статистикалық басқармасы, облыстық телекоммуникация дерекциясы, салық комитеті, қаланың сәулет және қала аумағының қосымша құрылысы қалалық бөлімі басқа кәсіпкерлердің өз қызметі барысында кездесетін органдармен Кәсіпкерлер күнін (айдың бірінші сәрсенбісінде) өткізуді дәстүрге айналдырды.

Облыста шағын кәсіпкерлік субъектілеріне аяқталмаған құрылыс нысандарын және коммуналдық меншіктегі, пайдаланылмай тұрған нысандарды беру жұмыстары жалғасуда. Ағымдағы жылы кәсіпкерлердің күшімен алынған шаралардың нәтижесінде салынып, іске қосылғандары: өнім шығаратын 2 кәсіпорын, 45 дүкен, 18 кафе, 6 кеңсе, 6 шаштараз, 1 дәрігерлік бөлме, 4 тігін цехы және т.б.

Сонымен қатар Атырау облысы экономикасының жетекші рөлі бүгінде де, болашақта да мұнай газ кешенінің үлесіне тиіп отыр.

Атырау облысының сыртқы сауда айналымы (кеден статистикалық деректері негізінде) 2002 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында 311,0 миллиард теңге* құрады және өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,1%-ге кемігенін, соның ішінде экспорт - 249,7 миллиард теңге (3,4% кемігенін), импорт - 62,2 миллиард теңге (1,7% кемігенін).

Импорт құрылымында: 43,2% - машина, құрал-жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар; 24,1% - металлургия өнеркәсібінің өнімдері; 8,1% - химия өнеркәсібінің және соған қатысты өнеркәсіп салаларының өнімдері; 2,7% - ағаш, ағаш материалдары және целлюлоз бұйымдары. *Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісінің 2002 жылғы 27 қарашадағы бағамы бойынша теңгемен қайта есептегендегі деректер.

Шағын және орта бизнес субъектілерімен өндірілген жалпы өнім көлемінің бір бөлігі тікелей келісім бойынша импорт алмастыру бағдарламасы шеңберінде шығарылған ("АИНА" ЛТД жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, "ЭРТРИ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, шағын кәсіпкер "Рахатов", "Бірінші мамыр" акционерлік қоғамы, шағын кәсіпкер "Маңқыстауов", "Рауан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, "Рыспай" ЛТД жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, "Заман-тағам" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, "Атырау-мұнаймаш" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, "Жәңгір" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, "Карт-Бланш" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, "Өнерпаз" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, шағын кәсіпкер "Зналиев", "Ботагөз" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, "Профтехмонтаж" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, "Каспийстройконтакт" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, "Феникс-Иса" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі).

"Атыраунефтемаш" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Ақтөбемұнайгаз" акционерлік қоғамы, "Маңқыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы, "Қазақтүрікмұнай" бірлескен кәсіпорын, "ТЕХСАКО", "Текрет" және т.б. компаниялары үшін тарту белдігін, мұнай кәсіпшілігінің құрал-жабдықтарын дайындап шығарды.

"Рауан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Мұнайгаз" акционерлік қоғамы үшін деэмульгатор реагенттерін, көбіктендіргіш жеткізді.

"Финикс-Иса" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "АБКА" Иншаат Тааххют Ве Тиджарет Лимитед компаниясымен 100 пәтерлік тұрғын үйдің құрылысына кеуекбетон жеткізу келісім шартына қол қойды.

"Промтомтехмонтаж" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ВК-2 ұңғымасының аузын қорғайтын болат құрылымын даярлауға АККО-мен келісім шарт жасады.

Импорт алмастыру бағдарламасын үйлестіру мақсатында облыс әкімімен импорт алмастыру жөніндегі үйлестіру кеңесін және Атырау облысындағы импорт алмастыратын өндіріс Бағдарламасын әзірлеу жөніндегі жұмысшы тобын құру туралы ш е ш і м қ а б ы л д а н д ы .

Қазіргі уақытта отандық кәсіпорындармен өндірілетін өнімдер және осы өнімдердің ірі әлеуетті тұтынушылары туралы деректер базасы құрылды.

Үйлестіру Кеңесінің мәжілісінде ірі шетел және отандық мұнай компаниялары тыңдалады. Облыс әкімі және 12 шет ел компанияларының бастамасымен ағымдағы жылдың қыркүйегінде қазақстандық жұмыс күшінің халықаралық стандарт деңгейінде кәсіби даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру үшін аумақтық оқу орталығы а ш ы л д ы .

Атырау облысының 2003-2005 жылдарға арналған импорт алмастыратын өндірісті дамыту аймақтық бағдарламасы әзірленіп, қазіргі уақытта импорт алмастыру жөніндегі Үйлестіру Кеңесінің мәжілісінде және облыстық Мәслихаттың кезекті сессия мәжілісінде қ а р а у ғ а е н г і з і л у д е .

Осы бағдарламаны жүзеге асыру мыналарға мүмкіндік береді:
импортқа қатысты отандық тауарлардың және қызмет көрсетулер мен жұмыстардың бәсекелестік қабілеті деңгейін арттыруға;
жергілікті тұрғындар үшін жаңа жұмыс орындарын көбейтудің, сондай-ақ олардың біліктілігін арттырудың алғы шарттарын жасауға;
мұнай-газ өндіруші салалардың жобасында қазақстандық және жергілікті жеткізушілердің қатысуын және қол жеткізуін ұлғайтуға;
облыс кәсіпорындарында халықаралық стандартты енгізу процесін жеделдетуге.

4. Шағын және орта кәсіпкерлікті қаржылай-несиелік және инвестициялық қолдау жүйесін дамыту

Шағын және орта кәсіпкерлікті қаржылай-несиелік және инвестициялық қолдау қажеттілігі шағын бизнестің инвестицияға тұтынушылықтың өсуі және қаржы ресурстарына шектелуі қол жеткізулер себеп болып отыр. Шағын және орта

кәсіпкерлік субъектілерінің қаржы-несие ресурстарына қол жеткізу проблемасы соңғы жылдары облыста шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына бөгет болатын проблемалар тізімі ішінде өзгерместен жетекші орын алып келеді.

Бұрынғы мемлекеттік емес қаржыландыру жүйесі әзірге шағын және орта кәсіпкерліктің өсіп келе жатқан талабын қанағаттандырмай отыр.

Банк секторының жоғарғы даму деңгейіне, рыноктың несие ресурстарына толықтығына қарамастан коммерциялық банктер ірі клиенттерді несиелеуге, ипотекалық, белгіленген табыс деңгейі бар клиенттерге бағытталған тұтыну несиелері сияқты жаңа банк қызметтерін игеруге шын көңілімен барады және жоғары тәуекел санатына жататын стартты бизнесті несиелеуге мүдделі емес.

Шағын және орта кәсіпкерлікті айтарлықтай қаржылай қолдау көмегін отандық коммерциялық банктер арқылы несиелеу бағдарламасын жүзеге асырушы халықаралық қаржы институттары көрсетуде (Қазақстанның Еуропалық Жаңғырту және Даму банкісінің шағын және орта бизнес бағдарламасы, Азиялық Даму банкісінің бағдарламалық қарыз беру). Алайда, бұл қаржыға бәрінің қолы жете бермейді, себебі осы бағдарлама бойынша банктер нарықтық пайыз көрсеткішін белгілейді және кепілмен қамсыздандырудың қатаң талаптарын ұсынады.

Шетел қаржы институттарының бағдарламалары мен несие желілері аяқталу үрдісінде, соған байланысты шетел донорларының қаржы есебінен шағын бизнесті қаржыландыруды біртіндеп экономиканың ішкі қаржы секторының ресурстары есебінен қаржыландыруға көшіруге акцент қажет.

Шағын және орта кәсіпкерлікті қаржылай-несиелік және инвестициялық қолдау саясаты қаржы несие ресурстар көлемінің шексіз өсуін, ұзақ мерзімді несиелеу үлгісінің көбеюін қамтамасыз етуге бағытталуы қажет.

Осыған байланысты негізгі шаралар бюджет ресурстары мен тартылған қаржыларды тиімді пайдалануға ықпал етуі қажет.

Облыстың шағын кәсіпкерлікті қаржы-несиелік және инвестициялық қолдау мына тетіктерді пайдалану арқылы жүзеге асырылады:

екінші деңгейдегі банктермен несиелеу;
облыстық және жергілікті бюджет қаржысынан басым жобаларды несиелеу;
ірі бірлескен кәсіпорындар несие ресурстары;
Еуропалық жаңғырту және даму банкісінің несие ресурстары;
шағын несиелеу пилоттық орталығының шағын несиелері;
"Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" жабық акционерлік қоғамы несие қаржысы;
аймақта кепілдік қорын қалыптастыру негізінде шағын бизнес өндірістік секторы субъектілеріне екінші деңгейдегі банктермен берілетін кепілдік несие жүйесін дамыту
ж ә н е е н г і з у ;

шағын кәсіпкерлікті қолдау үшін шетел инвестициясын және техникалық көмегін тарту жөнінде халықаралық ұйымдарымен институттармен жұмыстарын

ұйымдастыруды дамыту және құру;
шағын бизнестің инвестициялық мүмкіндіктері туралы ақпараттық-түсіндірме жұмыстары.

5. Инфрақұрылымды дамыту, шағын және орта кәсіпкерлікті ақпараттық қамтамасыздандыру және насихаттау

Шағын кәсіпкерлікті қолдаудың өндірістік және инновациялық инфрақұрылымының, нарық нысандарының жеткіліксіз дамуы облыстың шағын және орта бизнесі дамуына бөгет болып отырған проблемалардың бірі болып табылады. Шағын кәсіпкерлікті қолдау кең тармақталған желілерінің желілердің жоқтығы нарыққа өтерде кәсіпкерлерді тауар өндіру және қызмет көрсетуге байланысты шығындардан басқа, сыртқы және ішкі ортадағы барлық контрагенттермен қатынастарды үйлестіру және қолдау қажеттілігімен қосымша шығындарды көтеруге ә к е л і п т і р е д і .

Сыртқы кәсіпкерлік ортада - бұл мемлекеттік және жергілікті үкімет органдарымен, жеткізушілермен және тұтынушылармен, нарықтық инфрақұрылым субъектілерімен, бәсекелестермен қарым-қатынас, несиелеу ұйымдарымен өзара қатынас, табиғи монополия кәсіпорындарының өнім (қызмет) бағасына (тариф) салық жүктемелік д е ण г е й і .

Ішкі кәсіпкерлік орта - бұл қажетті мөлшердегі меншікті капиталдың болуы; кәсіпорынның ұйымдастыру-құқықтық нысанын және қызмет түрін таңдау; серіктестік командасын іріктеу; нарықты білуі және білікті маркетингтік зерттеулер жүргізу; кадрларды іріктеу және жеке құрамды, оны дәлелдейтін материалдық ы н т а л а н д ы р у м е н б а с қ а р у .

Одан басқа, талдау барысы көрсеткендей, көптеген кәсіпкерлердің шағын кәсіпкерлікті дамыту және қолдау жөніндегі мемлекеттік саясатты мүлде білмейтінін, маркетинг негіздерін білмейтіндіктен, сонымен бірге көбінің нұсқаулықтардың үнемі өзгеріп, сондай-ақ несие ресурстарына жол жоқтығын айтады. Сонымен қатар екінші деңгейдегі банктер кәсіпкерлердің дайындықсыз екенін және бизнес-жобалардың с а п а с ы з ж а с а л а т ы н ы н а й т а д ы .

Сол себепті Үкімет басшысы таяу жылдарда басымдылықтардың бірі шағын және орта бизнесті қолдау аймақтық орталығын құруды, маркетингтік зерттеулер өткізуге көмек көрсетуді, біліктілікті көтеруді белгіледі.

Осы орталықтардың қызметі әртүрлі топтардағы кәсіпкерлерді жүйелі сүйемелдеуге , шығындарды қысқарту, нарыққа кірер тұстағы тосқауылдарды жою және кешенді қызмет ұсыну есебінен тәуекелді азайтуға (кәсіпкерлік қызметтеріне оқыту, насихаттау, ақпараттық қамтамасыз ету, маркетинг, орталықтандырылған бухгалтерияның, консалтингтік, қаржылық, технологиялық, инновациялық қызметтер және т.б.) б а ғ ы т т а л у ы т и і с .

Шағын және орта бизнесті кадрлық және ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету шағын және орта бизнес кәсіпкерлігіне мақсатты бағдарлайтын оқытушылар даярлау, ұйымдастыру желілерін құру, кәсіпкерлікті дамыту саласында отандық және шетел үздік тәжірибелерін насихаттау, арақашықтық бизнес білімін дамыту, оқыту және консалтингтік орталықтардың бейімді және тармақты желілерін қалыптастыруды жобалайды.

Осы іс-шараларды іске асыру мақсатында шағын кәсіпкерліктің Республикалық ақпараттық-көрме орталығының тікелей әдістемелік кеңестер әзірлейтіні, зерттеулер жүргізетін филиалын Атырау қаласында құру туралы мәселені талқылау қажет, ол өз кезегінде шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау жөніндегі шаралардың тиімділігін көтеруге мүмкіндік береді.

5.1. Кәсіпкерлерді оқыту

Кәсіпкерлерді оқыту процесін 2 деңгейге бөлу қажет:

1 деңгей - алғаш бастаушы жеке кәсіпкерлермен шағын бизнес субъектілері үшін жергілікті деңгейде - бизнес жүргізудің негіздерінен бастап егжей-тегжейіне шейін оқыту. Оқуды табысты аяқтағандар үшін өз бетімен бизнесті құру және дамыту жөнінде одан әрі қолдау бизнес-инкубатор шеңберінде жүзеге асырылуы мүмкін.

2 деңгей - кәсіпкерлер-жаңашылдар, оқу облыстық және республикалық деңгейде жүргізеді, инновациялық және корпоративтік бизнеске оқыту. Кәсіпкерлік қызметті насихаттау кәсіпкерлік қызметтің жағымды жақтарын қалыптастыру, шағын бизнесті дамыту жөніндегі мемлекет қызметін халық арасында насихаттау және бизнес дамуын жан-жақты түсіндіруден тұрады. Бұл мақсатта ақпараттық тұсау-кесер материалдарын шығаруды жандандыру қажет (бұқаралық ақпарат құралдарында мақалалар жариялау, өткізілген семинарлар, дөңгелек үстелдер қорытындысы бойынша дайындаған тұсау кесер кітапшаларды басып шығару, шағын және орта бизнес мәселелері жөнінде апта сайын телехабарлама ұйымдастыру. Телехабарламалар ақпараттық-дайындалған сипатта және кәсіпкерлік қызметті реттейтін қолданыстағы заңнамаларды түсіндіруге бағытталуы, шағын және орта бизнес және мемлекеттік құрылымдар өкілдері арасында пікір алысулар ұйымдастыру керек.

5.2. Кәсіпкерлікті қолдау бірыңғай ақпараттық желілер қызметін қамтамасыз ету

Ақпарат тапшылығын іс жүзінде барлық жаңадан бастаушы, ал кейде тіпті тәжірибелі кәсіпкерде сезінеді.

Кәсіпкерлікті табысты дамыту үшін қазіргі кезеңде бірыңғай ақпараттық базаны құру қажет: шағын және орта бизнес кәсіпорындары туралы деректер базасын, олардың шығаратын өнімдерін, жекешелендіруге жататын нысандарын, жүргізілетін зерттеулер қорытындысын, кейіннен электрондық коммерцияны дамытумен жаңа сертификатты технологиялар тізбесін.

Маркетингтік зерттеулер жүргізу ғылыми-негізделген ұсыныстарды және

кәсіпкерлік қызметті реттеуші шараларды әзірлеуге қажетті талдау материалдар, сондай-ақ оқыту бағдарламаларды әзірлеуді, әдістемелік кеңестерді, нұсқаулықтарды к о з д е й д і .

Таяу жылдарда кәсіпкерліктің әрбір топтарында мына салаларды дамытуда бос мүмкіндіктерін белгілеу мақсатында маркетингтік зерттеулер жүргізілетін болады: ауыл шаруашылығы; жеңіл өнеркәсіп; химия өнеркәсібі; машина жасау; жиһаз өнеркәсібі; құрылыс және құрылыс материалдары өндірісі.

5.3. Қоғамдық ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру

Соңғы жылдарда облыста кәсіпкерлердің қоғамдық ұйымдарын құру кең құлашын жайды. Қазіргі уақытта шағын кәсіпкерлік инфрақұрылымын "Кәсіпкерлер мен жұмыс берушілер одағы" қоғамдық бірлестігі, Кәсіпкерлер қауымдастығы, Қазақстан Республикасының "Өнеркәсіпшілері және кәсіпкерлер одағы" Атырау филиалы, "Іскер әйелдер қауымдастығы" Атырау филиалы, "Сауда-өнеркәсіп палатасы" Атырау филиалы, Кәсіпкерлікті қолдау орталығы, "Бизнес-Контакт" облыстық орталығы, "Шағын несиелеу Пилоттық орталығы", "Тұмар" колөнершілер қауымдастығы, Әйелдер кәсіпкерлік орталығы, Жылыой аудандық кәсіпкерлер қауымдастығы, "Прагма" к о р п о р а ц и я с ы ұ с ы н а д ы .

Алайда, қоғамдық ұйымдардың жұмыс тәжірибесі 1 жылдан кем жұмыс істейтін шағын кәсіпорындардың ішіндегі ақпараттық қолдауға мұқтаж кәсіпорындардың тек қана 20% қоғамдық ұйымдардың ақпаратын пайдаланатынын көрсетеді.

Сондықтан кәсіпкерлердің қоғамдық ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыруға зор көңіл бөліну қажет, ол облыстың шағын және орта бизнес секторын дамытуға сөзсіз оң ы қ п а л ы н т и г і з е д і .

Бұл мақсатта мыналар қажет:

кәсіпкерлердің мүддесін қорғауда және ұсынуда, сондай-ақ оқыту жоспарында, кеңестік қызмет көрсету және кәсіпкерлермен түсіндірме жұмыстарын жүргізуде, кәсіпкерлердің қоғамдық ұйымдарының кәсібилігін көтеру;

кәсіпкерлердің қоғамдық ұйымдармен өзара байланыс мәселелері жөнінде әрбір мемлекеттік органда сарапшылар кеңесін құру;

кәсіпкерлердің кәсіби салалық қауымдастығын құруға жағдай жасау; қоғамдық ұйымдардың бірлестігі және олардың консолидацияларының бірігуі; шағын және орта бизнестің дамуына белсене араласатын қоғамдық ұйымдар үшін конкурстық негізде жыл сайын грант бөлу мәселесін әзірлеу; несие ауыл серіктестігін, өзара сақтандыру қоғамын, коммерциялық емес шағын несиелеу ұйымдарын құруды ынталандыру.

6. Нормативті-құқықтық базаны жетілдіру

Республикадағы кәсіпкерлікті нормативті-құқықтық реттеу негізі көптеген жылдар бойы қалыптасты. Бүгінгі күні кәсіпкерлікті реттеудің нормативті-құқықтық негізі құрылды. Алайда кәсіпкерлік ортаның дамуында болып жатқан өзгерістер кәсіпкерлікті

реттеудің нормативті-құқықтық негіздерін жетілдіруді бірінші жоспарға қойып отыр.

Соған байланысты мемлекеттік органмен, қоғамдық ұйымдармен, кәсіпкерлік секторына кәсіпкерлікті жүйелеу мәселесін реттейтін қолданыстағы нормативті-құқықтық актілерді түгендеу қажет.

Заңнамаларды одан әрі жетілдіру кәсіпкерліктің дамуына бөгет болатын тосқауылдарды әкімшілік жоюға бағытталатын болады.

Реформалауда мыналар талқылануы тиіс:
заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу жүйесі;
бір жолғы талон, арнайы салық тәртібі негізіндегі кәсіпкерлік қызмет бөлігін жүзеге асырудағы салықтық заңнамалар;
кейбір қызмет түрлерін лицензиялау;
сертификация;
мемлекеттік органдардың шешуші функциялары.

Көптеген алғаш бастаушы кәсіпкерлер меншікті капиталдың жеткіліксіздігі, өнімдерді өткізу нарығына бағыныштылығы проблемаларына кездеседі, осыған байланысты бизнес-факторинг, лизинг, өзара несиелеу және өзара сақтандырудың жаңа құралдарын дамытуға бағытталған нормативті-құқықтық актілерді қабылдау жөнінде ұсыныстар әзірлеу қажет.

Факторингтік қызметті дамыту-жеткіліксіз айналым қаржысы проблемасын шешуге, ал өзара несиелеу жеке қаржы қорын қаржы айналымына тартуға және сенімділік принциптерін нығайтуға мүмкіндік береді.

Кәсіпкерлікті қолдау үшін жаңа жоғарғы технологиялық құруларды мамандандыруда "Венчурлі бизнес туралы", "Инновациялық бизнес туралы" Заңдар қабылдау қажет.

Кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне құқықтық кепілдігін іске асыру мемлекеттік органдарға ғана байланысты емес, ол кәсіпкерлердің өзіне және олардың қоғамдық бірлестіктеріне байланысты.

Сондықтан осы мәселені талдаудың тиімділігі кәсіпкерлердің қоғамдық ұйымдарының белсенділік дәрежесіне байланысты.

Қоғамдық ұйымдар аймақтық бағдарламаларды әзірлеу, одан әрі дамыту процесінде, сондай-ақ өзара шығармашылық қызметте белсенді араласуын жандандыру қажет.

Кәсіпкерліктің мемлекеттік саясатын іске асыруда қоғамдық ұйымдардың рөлін көтеру, мемлекеттік органдардың міндетін қарастыратын норманы белгілеу қажеттілігі кәсіпкерлік мәселелеріне қатысты нормативті-құқықтық актілер жобасын енгізу облыс әкімі жанындағы шағын және орта бизнесті дамыту жөніндегі комиссияда қаралғаннан кейін ғана мүмкін болады.

Бұл мемлекеттік органдар функциясын, олардың бір бірін қайталамауына, сөйтіп бақылау-қадағалау органдарының санын азайту мақсатында нақты шектеу жөніндегі жұмыстар жүргізуге мүмкіндік береді.

7. Аймақтық даму

Бағдарламаның іс-шаралары негізінен аймақтық, қалалық және аудандық деңгейде жүзеге асырылады.

Бағдарламалар Мәслихат сессияларында бекітіледі және жұмыстың негізі мына бағыттарын қамтуы керек:

* қалалық және аудандық деңгейде шағын және орта кәсіпкерліктің инфрақұрылымын құру жөніндегі шаралар;

* кәсіпкерлік қызмет саласына халықтың кең тобын тарту;

* шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне аяқталмаған құрылыстарды және пайдаланылмайтын нысандарды беру мәселесі;

* кәсіпкерлік секторын оқыту жөніндегі шаралар;

* кәсіпкерлік қызметін насихаттау жөніндегі шаралар.

8. Бағдарламаны қаржыландыру көздері және ресурстары

Облыста шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау қаржысымен қамтамасыз ету осы мақсаттарда жыл сайын қаралатын қаржы бөлу шегінде жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады.

Бағдарламаны орындау үшін тағы да "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорының", банктердің, халықаралық қаржы ұйымдарының, ірі компаниялардың қаржылары, техникалық және кеңестік көмек желілері бойынша қаржы ресурстары тартылатын болады.

9. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламамен қаралған шаралардың іс жүзінде жүзеге асырылуы нәтижесінде шағын және орта кәсіпкерлік саласындағы 3,5 мыңға дейін жұмыс орнын көбейтуге мүмкіндік беретін жұмыс істейтін шағын және орта бизнес субъектілерін кеңейтудің, сақтаудың және жаңаларын ашудың шараларын қамтамасыз ету.

10. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың негізгі басым бағыттары

Мұнай-газ секторы кәсіпорындары үшін қосалқы бөлшектер мен стандартқа сай емес техникалар шығару.

Тұрмыстық бағыттағы синтетикалық смола және пластмасс өндіру.

Жергілікті шикізат базасында құрылыс материалдары өндіру.

Жылылық өткізбейтін және жабын материалдар өндіру.

Электродтар өндіру.

Кабель өнімдер өндіру.

Гипстік тұтқырғыш материалдары өндіру.

Бұрамалы сорғылар өндірісі.

Шұжық тағамдарының және ет деликатестері өнімдерін шығару.

Тұз өндіру және оны өлшеп орау.

Түтік кеспе тағамдарын өндіру.

Тәтті тағамдарды өндіру.
 Гигиена құралдары өндірісі.
 Балаларға, әйелдерге, ерлерге арналған жоғары сапалы киім шығару.
 Жоғары сапалы жиһаз және фурнитура өндіру.
 Орағыш өнімдері жаңа түрлерінің өндірісі.
 Ішімдіксіз сусындар, шырындар, сыралар өндіру.
 Өндірістің дәстүрлі емес түрлерін дамыту.
 Қатты қалдықтарды өңдеу.
 Тәтті мақта дайындау.
 Жеміс-жидек, көкөніс-бақша дақылдар түрлерін өсіру.
 Мал мен құстың жоғары өнімді тұқымдарын өсіру.
 Жүн дайындау және өңдеу, тоқыма бұйымдарын дайындау.
 Теріні өңдеп және тері бұйымдарын дайындау.
 Жаңа өлшеп, орау технологиясын қолданып, ет және сүт өнімдерін қайта өңдеу.
 Балық өнімдерін қайта өңдеу.
 Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу және сақтау (терең қатыру).
 Қызмет көрсету компаниялары:
 кен орындарын жабдықтау;
 құрал-жабдықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету;
 арнаулы техникамен қызмет көрсету;
 көлікпен қызмет көрсету;
 ілеспелі материалдар дайындау компаниялары;
 ауыл шаруашылығы техникаларын жалға беру бойынша қызмет көрсету;
 қоғамдық тамақтандыру қызмет көрсетулер;
 телекоммуникациялық қызмет көрсетулер;
 жөндеу-құрылыс қызмет көрсетулері;
 бос уақытты ұйымдастыру бойынша қызмет көрсетулер;
 қонақ үйлік қызмет көрсетулер;
 автокөліктік қызмет көрсетулер;
 туристік қызмет көрсетулер;
 консалтингтік қызмет көрсетулер;
 заңгерлік қызмет көрсетулер.

11. Атырау облысы бойынша 2003-2005 жылдарға арналған шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту және қолдаудың аймақтық Бағдарламасын жүзеге асырудың негізгі іс шараларының жоспары

Іс шаралардың атауы	Аяқталу нысаны	Орындаушылар	Орындалу мерзімі
1 бөлім. және инвестициялық қолдау	Шағын кәсіпкерлікті	қаржылық-несиелік	

1. Шағын бизнестің инвестициялық мүмкіндіктері туралы, соның ішінде қаржы бағдарламаларын іске асыру, кәсіпкерлікті қолдау үшін шетел инвестицияларын және техникалық көмектерді тарту туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу	Ақпарат	Мұнай-газ кешені, сыртқы экономикалық байланыс және инвестициялық саясат басқармасы, Экономика мен кәсіпкерлікті қолдаудың бас басқармасы, Ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы	Тоқсан сайын
2. Жеке кәсіпкерлерді шағын несиелеу бойынша жұмыстарды жалғастыру	Шағын	Экономика мен кәсіпкерлікті қолдау басқармасы, Пилоттық шағын несиелеу орталығы, қала және аудандар әкімдері	Үнемі
3. Бизнес-жобаларды жергілікті бюджет есебінен қаржыландыру жұмыстарын жалғастыру, аталған несиелерді беру тәртібін жетілдіру, жыл сайын 1-тоқсанда банк операторды таңдау конкурстарын өткізуді қамтамасыз	Облыс әкімінің шешімі	Экономика мен кәсіпкерлікті қолдау басқармасы, Облыстық қаржы басқармасы, қала және аудандардың әкімдері, "Кәсіпкерлер мен жұмыс берушілер одағы" қоғамдық ұйымы	Жыл сайын
4. Екінші деңгейдегі банктермен берілген 20 пайыздан төмен емес несиелердің жалпы көлемінде және орта бизнесті қамтамасыз жобаларды банктермен жалғастыру.	Ақпарат	Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің несиелеу және бизнес-деңгейдегі жұмысын	Ай сайын
5. "Кәсіпкерлікті қолдау қоры" Жабық акционерлік қоғамының жұмысын жандандыру	Ақпарат	"Кәсіпкерлікті қолдау қоры" Жабық акционерлік қоғамы, Экономика мен кәсіпкерлікті қолдау басқармасы	Үнемі
6. Кәсіпкерлік субъектілерін өзара сақтандыру қоғамын құрудың ұсыныстарын әзірлеу	Ұсыныстар	"Кәсіпкерлер мен жұмыс берушілер одағы" қоғамдық ұйымы, Экономика мен кәсіпкерлікті қолдау басқармасы.	2003 жылдың 2-жарты-жылдығы
7. Шағын және орта кәсіпкерліктің басым жобаларын несиелеуде коммуналдық меншік объектілерін кепіл ретінде пайдалану тетіктерін	Облыс әкіміне ақпарат беру	Коммуналдық меншік басқармасы	2003 жылдың 1-жарты-жылдығы
8. Ауылдағы несиелеу серіктестіктерін құру мәселесін әзірлеу.	Ұсыныс	Қала және аудандар әкімдері, Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы,	2003 жылдың 2-тоқсаны
Облыстық қаржы басқармасы			
2 бөлім. Шағын талаптарын жетілдіру	Шағын кәсіпкерлікті	дамытудың	құқықтық
9. Кәсіпкерлік мәселелері бойынша қолданыстағы нормативтік-заңнамалық базаға талдау жүргізу және облыстық ұйымдар мен кәсіпкерлердің кең ауқымын қатыстыра отырып оны жетілдіру туралы ұсыныстар әзірлеу.	Ұсыныстар	"Кәсіпкерлер мен жұмыс берушілер одағы" Акционерлік қоғамы, "Атырау Бизнес-Контакт" облыстық орталығы Экономика және кәсіпкерлікті қолдау	Жыл ішінде, материалдардың түсуіне қарай

10. Заң, нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын жетілдіру бойынша кәсіпкерлерден, басқармалар мен ұйымдардан түсетін ұсыныстарға талдау жасау және облыс әкімі жанындағы және кәсіпкерлік мәселелері комиссияның қарауына ұсыну. **Ұсыныстар** Кәсіпкерлікті қолдау Үнемі және экономика бас басқармасы, қала және аудандар әкімдері қажетіне қарай **Шағын және орта жөніндегі**
11. Кәсіпкерлер үшін кәсіпкерлікті дамыту және қолдау, салық салу, қаржы, сертификат беру және тағы басқа жөніндегі тұрақты қызмет істейтін семинарлардың жұмысын қамтамасыз ету. **Ақпарат** "Кәсіпкерлер мен жұмыс берушілер одағы" қоғамдық ұйымы, Экономика және кәсіпкерлікті қолдау басқармасы, Атырау облысы бойынша салық комитеті, Облыстық Әділет басқармасы, "Ұлттық сараптау және сертификат беру орталығы" Ашық акционерлік
12. Тиісті ведомстволар бойынша бизнесті тіркеу және мәселелері туралы арнайы кітапшалар дайындау. **Буклеттер дайындау** "Кәсіпкерлер мен жұмыс берушілер одағы" қоғамдық ұйымы, "Атырау Бизнес-Контакт" мемлекеттік емес ұйымы, Прагма корпорациясы, мемлекеттік орындар
13. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік тіркеудің, олардың қызметтерін лицензиялаудың, олардың өнімдеріне сертификаттаудың жеңілдетілген тәртібін сақтау. **Ақпарат** Облыстық әділет басқармасы, Үнемі Атырау облысы бойынша салық комитеті, Облыстық статистика басқармасы, "Ұлттық сараптау және сертификат беру орталығы" Ашық акционерлік қоғамы **А т ы р а у ф и л и а л ы**
14. Шағын кәсіпкерлікке қызмет көрсету үшін жеке меншік заңгерлік, нотариалдық, адвокаттық, аудиторлық кеңселердің желісін дамытуға жәрдем ету. **Ақпарат** Облыстық әділет басқармасы, Жыл қала және аудандар ішінде әкімдері

3 бөлім. Шағын кәсіпкерлікті қолдаудың инфрақұрылымын дамыту

15. Атырау қаласындағы кәсіпкерлерге арналған бизнес-инкубатор құру. **Облыс** Экономика және кәсіпкерлікті қолдау басқармасы, 2003 жылдың есеп беру "Кәсіпкерлер мен жұмыс берушілер одағы" қоғамдық ұйымы, 1-тоқсаны "Атырау Бизнес-Контакт" облыстық орталығы, Атырау қаласының әкімшілігі
16. Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне практикалық көмек көрсету және кеңестік, ақпараттық, жарнамалық қызметтер байланыс саласындағы қызметтер және т.б. қызметтерге арналған аудандық бизнес-инкубаторлар, бизнес-инкубаторлар **Әкімдердің шешімі** Аудандардың әкімдері 2003-2005 жылдар облыстық орталығы көрсетуге, "Атырау Бизнес-Контакт" облыстық орталығы және "Қабырғасыз" құру.
17. Шағын кәсіпкерлікті қолдаудың аймақтық орталығын құру. **Облыс** Экономика және кәсіпкерлікті қолдау басқармасы, 2004 жыл шешімі "Атырау Бизнес-Контакт" облыстық орталығы

18. Атырау қаласында "Республикалық Облыс шағын кәсіпкерліктің ақпараттық әкіміне көрме орталығы" жабық акционерлік есеп беру қоғамы филиалы" ашу мәселесін зерделеу.	Экономика және кәсіпкерлікті қолдау бас басқармасы	2003 жылдың 1-тоқсаны
19. Техникалық көмек және Шетелдік бірлескен жобаларды жүзеге инвестициялар, асыру шеңберінде, әсіресе, Гранттар оқытуда, шетелдік ұйымдар қаражатын тарту.	Экономика және кәсіпкерлікті қолдау бас басқармасы, Прагма корпорациясы, "Кәсіпкерлер мен жұмыс берушілер одағы" қоғамдық ұйымы	2003-2005 жылдар
20. Кәсіпкерлерді, мемлекеттік Семинарлар, қызметшілерді оқыту үшін шағын лекциялар, кәсіпкерлікті ұйымдастыру және курстар оның қызметі туралы курстар, семинарлар, лекциялар өткізу.	"Атырау Бизнес-Контакт" Үнемі облыстық орталығы, Прагма корпорациясы, Мемлекеттік қызметшілер біліктілігін арттыру орталығы, "Кәсіпкерлер мен жұмыс берушілер одағы" қоғамдық ұйымы	Үнемі
21. Мемлекеттік орындарда шағын Ақпарат бизнестің мүддесін қорғайтын қоғамдық ұйымдарға	Мемлекеттік	Үнемі орындар
22. Шағын кәсіпкерлік Көрмелер, субъектілері өнімдерінің жәрмеңкелер, аукциондары мен көрмелерін аукциондар ұйымдастыруда көмек көрсету.	Қала және аудандар әкімдері, Экономика және кәсіпкерлікті қолдау бас басқармасы, "Кәсіпкерлер мен жұмыс берушілер одағы" қоғамдық ұйымы	2003-2005 жылдар
23. Кәсіпкерлікті дамытуға Сауалнама кесел келтіретін факторларды анықтау мақсатында шағын бизнес субъектілерінің арасында сауалнама жүргізу.	Экономика және кәсіпкерлікті қолдау бас басқармасы, Жарты "Кәсіпкерлер мен жұмыс берушілер одағы"	жылдық-та
4 бөлім. Шағын кәсіпорындарды, өндірістік және инновациялық қолдау салалық бағдарламаларды		
24. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің шығарған өнімдерін жеткізіп тұруға келісім-шарт жасау мақсатында кәсіпкерлердің облыстық және республиканың алдыңғы қатарлы кәсіпорындарымен кездесулерін ұйымдастыруда жәрдем	Ақпарат Экономика және кәсіпкерлікті қолдау бас басқармасы, Кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары	Үнемі, қажетті-лігіне қарай
25. Шағын кәсіпкерліктің түрлері бойынша шығарылатын өніммен көрсетілетін қызметтердің мәліметтер банкісін қалыптастыру жөнінде жүйелі жұмыс ұйымдастыру.	Мәліметтер базасы Экономика және кәсіпкерлікті қолдау бас басқармасы, қала және аудандар әкімдері	2003 жылдың 1-тоқсаны
26. Ірі компаниялардың әкелінетін өнімдері бойынша мәліметтер базасын құру	Мәліметтер базасы Экономика және кәсіпкерлікті қолдау бас басқармасы, Облыстық статистика басқармасы, Мұнай-газ кешені, сыртқы экономикалық байланыс және инвестициялық саясат басқармасы	2003 жылдың 1-тоқсаны
27. Экспорттық өнімдер шығаруға бағытталған шағын бизнес кәсіпорындарын дамытуға	Шетелдік инвестициялар Мұнай-газ кешені, сыртқы экономикалық байланыс және инвестициялық саясат	

тікелей шетелдік және отандық инвестицияларды тартуға ықпал ету.			басқармасы, Кәсіпкерлікті қолдау және экономика басқармасы
28. Аджип Каспиан КО компаниясы жанында кен орындарын жабдықтау; құрал жабдыктарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету; арнаулы техникамен қызмет көрсету; көлікпен қызмет көрсету; жалғаспалы материалдар дайындау сервистік компаниялар жөніндегі мәселені	Қызмет көрсету ұйымы	Мұнай-газ кешені, сыртқы экономикалық байланыс және инвестициялық саясат басқармасы, Экономика және кәсіпкерлікті қолдау басқармасы, Аджип ККО консорциумы	2003-2005 жылдар ішінде қолдау басқармасы, Аджип ККО консорциумы ашу зерттеу.
29. Жаңа технологиялардың, құрал-жабдыктардың, машиналардың, тетіктердің және басқа шаңын бизнестің субъектілеріне қажетті деректер базасын жасауға көмектесу.	Ақпарат	Қала және аудандар әкімдері, Экономика және кәсіпкерлікті қолдау басқармасы, "Атырау Бизнес-Контакт" облыстық орталығы	Тоқсан сайын
30. Тендер негізінде мемлекеттік сатып алулар үшін кейбір өнімдер (жұмыс, қызмет) түрлерінің өндірісін және жеткізулерді алу көлемінің 20 пайызына дейін шағын кәсіпкерлік резервке	Тендердің	Коммуналдық өтуі туралы ақпарат	Үнемі меншік басқармасы, қаланың, аудандардың әкімдері, мемлекеттік орындар субъектілеріне қояу.
31. Облыстық аудандық орталықтарында кәсіпкерлікті дамыту және қолдау мәселелері бойынша көшпелі семинар-кеңестер өткізу тәжірибесін жалғастыру.	Семинарлар	Экономика және кәсіпкерлікті қолдау басқармасы, қаланың, аудандардың әкімдері, "Атырау Бизнес-Контакт" облыстық орталығы	Жыл ішінде
32. "Жылдың үздік кәсіпкері" жүлдесіне арналған әр түрлі көрмелерге, жәрмеңкелерге, салалық конкурстарға шағын бизнес қатысуына жәрдемдесу.	Ақпарат	Экономика және кәсіпкерлікті қолдау басқармасы, қаланың, аудандардың әкімдері	Үнемі
5 бөлім. Шағын кәсіпкерлікті кадрмен қамтамасыз ету		ақпаратпен және	
33. Салық кодексінің 15 бөлімін (шағын бизнес субъектілеріне арналған арнайы тәртіп) түсіндіру жұмысын	Ақпарат	Атырау облысы бойынша салық комитеті	Қажетті-лігіне қарай
34. Жеке кәсіпкерлерді салудың жеңілдетілген тәртібіне көшіру жөнінде ұйымдастыру-түсінік беру жұмысын	Ақпарат	Атырау облысы бойынша салық комитеті	Үнемі
35. Атырау қаласында және аудандарында жұмыссыз халық пен халықтың өзге де санатын тұрақты курстардың жұмысын қамтамасыз ету.	Курстар	Экономика және кәсіпкерлікті қолдау басқармасы, қала және аудандар әкімдері, "Атырау Бизнес-Контакт" облыстық орталығы	Тоқсан сайын

36. Кәсіпкерлердің мемлекеттік орындардың, қауымдастықтардың, қоғамдық құрылымдардың басшыларымен кездесулерін және олардың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын ұйымдастыру.	"Дөңгелек үстел"	"Кәсіпкерлер мен жұмыс берушілер одағы"	Келісіл-ген қоғамдық ұйымы, кесте қала және аудандар әкімдері, мемлекеттік орындар
37. Облыстық баспасөздерде, теледидарда және радиода кәсіпкерлікті насихаттау, жаңа заңнамаларды жариялау мен шағын бизнестің жалпы проблемалары туралы тұрақты айдармен үнемі әрі	Ақпарат	Экономика және қолдау басқармасы, Үнемі қала және аудандар әкімдері, облыстық әділет басқармасы, облыстық құрылымдар	кәсіпкерлікті қолдау одан
38. Бұқаралық ақпарат құралдарында бақылау-тексеру функцияларын жүзеге асыру құқығы бар және ақылы қызметтер көрсететін мемлекеттік орындардың тізбелерін мезгіл-мезгіл жариялап отыру.	Баспасөзде жариялау	Экономика және кәсіпкерлікті қолдау басқармасы, қала және аудандар әкімдері	Тоқсан сайын
39. Кәсіпкерлік саласындағы құқықтық мәселелер бойынша мемлекеттік орындар тарапынан нұсқамалық өткізу.	Кездесулер, "Дөңгелек үстелдер"	Облыс әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмыс бөлімі, Жарты-Облыстық әділет жылдықта басқармасы, Экономика және 1 рет кәсіпкерлікті қолдау басқармасы,	Үнемі
40. Шағын кәсіпкерліктің субъектілерін ШОК несиелерін беретін қаржылық құрылымдар туралы үнемі хабардар етіп отыру.	Баспасөзде жариялау	Экономика және кәсіпкерлікті қолдау басқармасы, қаланың, аудандардың әкімдері	Үнемі
41. Кәсіпкерлердің арыз-шағымдары мен өтініштерін міндетті түрде қарауды қамтамасыз ету, жергілікті органдар қызметкерлерінің, кәсіпкерлердің өтініштерін тіркеу және оларды қабылдау және жүргізу, барлық ұсыныстар мен тілектерді есепке алу.	Ақпарат	Экономика және кәсіпкерлікті қолдау басқармасы, қала және аудандар әкімдері	Үнемі
42. Әр түрлі тексеру органдарының төрешілдікпен араласуына байланысты мәселелерді анықтау мақсатында кәсіпкерлер арасында әлеуметтік сұрау жүргізу.	Сауалнама	Экономика және кәсіпкерлікті қолдау басқармасы, қала және аудандар әкімдері, "Атырау Бизнес-Контакт" қоғамдық ұйымы	Жылына 2 рет

6 бөлім. Аймақтық даму

43. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту және қолдау бағдарламасының және оның жүзеге асырудың іс шаралар жоспарының орындалуы туралы есептерді тоқсан сайын облыс әкімі жанындағы	Есеп берулер	Экономика және кәсіпкерлікті қолдау басқармасы, әкімдері, "Атырау Бизнес-Контакт" қоғамдық ұйымы	Тоқсан сайын
--	--------------	--	--------------

Шағын және орта бизнесті дамыту
 жөніндегі комиссия мәжілісінде
 тыңдап отыру.

44. Қалалық, аудандық әкімияттар Орындалу Экономика және Тоқсан
 мен және салалық басқармалардың барысы кәсіпкерлікті қолдау сайын
 әзірлеген шағын кәсіпкерлікті туралы бас басқармасы,
 дамыту мен қолдаудың 2003-2005 ақпарат қала және аудандар
 жылдарға арналған бағдарламасының әкімдері
 орындалуын бақылау мен үйлестіруді
 қамтамасыз ету.

45. Жалға, сенімгерлікпен басқаруға Экономика Аймақтық мемлекеттік
 және шағын кәсіпкерлік субъектілердің және мүлік пен Тоқсан
 меншігіне өндірісті ұйымдастыру және кәсіпкерлікті жекешелендіру сайын
 шартымен беруге дайындық үстіндегі қолдау бас комитеті,
 бос тұрған объектілерге, аяқталмаған басқармасына Коммуналдық
 құрылыс объектілерінде, коммуналдық ақпарат меншік
 меншік және акциялардың мемлекеттік беру басқармасы
 үлесі бар акционерлік қоғамдар
 объектілерінде түгендеулер
 жүргізілуін қамтамасыз ету.